

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара әкімшілік көмек туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 47 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара әкімшілік көмек туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Жандос Жұмабайұлы Дүйсембиевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара әкімшілік көмек туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№ 47 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара әкімшілік көмек туралы

келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі (бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" және бірлесіп "Тараптар" деп аталады):

кеден ісі саласындағы ынтымақтастық арқылы Тараптар арасындағы достық қатынастарды нығайтуға ниет білдіре отырып;

тауарлардың импорты мен экспорты кезінде кедендік құнды нақты бағалауды және кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқа да төлемдерді алуды, сондай-ақ тыйымдарды, шектеулерді және бақылау шараларын тиісінше қолдануды қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып;

кеден заңнамасын бұзу Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне және олардың экономикалық, сауда, қаржы, экологиялық, әлеуметтік, медициналық және мәдени мүдделеріне нұқсан келтіреді деп есептей отырып;

кеден заңнамасын қолдануға және оның сақталуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерде халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін тани отырып;

кеден заңнамасын сақтау және Кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес келісілген құқықтық нормаларға сәйкес Тараптар мемлекеттері кеден органдарының өзара ынтымақтастығы кезінде неғұрлым табысты жүзеге асырылуы мүмкін екеніне сенімді бола отырып;

1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясын, сондай-ақ Дүниежүзілік кеден ұйымының ұсынымдарын қоса алғанда, Тараптар мемлекеттері үшін қолданылатын тиісті халықаралық конвенцияларды назарға ала отырып;

қоғам денсаулығын сақтауға, қоғамға және халықаралық саудаға қауіп-қатер төндіретінін ескере отырып, есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымының ауқымына және өсу үрдістеріне алаңдаушылық білдіре отырып;

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын да назарға ала отырып,

Тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімде мына терминдермен мыналар түсініледі:

а) Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары – Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті; Пәкістан Ислам Республикасының Үкіметі үшін: Пәкістан Кеден қызметінің Федералды салық әкімшілігі (FRA).

Тараптардың бірінің мемлекеті кеден органының атауы өзгерген жағдайда осы Тарап мемлекетінің тиісті кеден органы бұл туралы екінші Тарап мемлекетінің Кеден органына дипломатиялық арналар арқылы дереу хабарлайды;

б) кеден заңнамасы – тыйым салу, шектеу және бақылау шараларына қатысты нормативтік құқықтық актілерді қоса алғанда, кеден әкімшіліктері тауарлардың импортына, экспортына, транзитіне қатысты қолданатын Тараптар мемлекеттерінің нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;

с) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар – Тараптар мемлекеттерінің кеден заңнамасын кез келген бұзу немесе бұзуға әрекет жасау;

д) Сұрау салынатын тарап – кеден мәселелерінде әкімшілік көмек туралы сұрау салуды алатын тарап мемлекетінің кеден органы;

е) Сұрау салушы тарап – кеден мәселелерінде әкімшілік көмек туралы сұрау салуды жіберетін Тарап мемлекетінің кеден органы;

ф) лауазымды адам – Тараптар мемлекеттері кеден органының лауазымды адамы;

г) есірткі – кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның I және II тізімдеріне енгізілген табиғи немесе синтетикалық шығу тегі бар кез келген зат;

h) психотроптық заттар – кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Конвенциясының I, II, III және IV тізімдеріне енгізілген заттар;

і) прекурсорлар – кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен 1988 жылғы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы БҰҰ Конвенциясының I және II тізімдеріне енгізілген есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру, дайындау, өңдеу кезінде пайдаланылатын заттар;

j) ақпарат – кез келген нысанда тіркелген тұлғалар, объектілер, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы ақпарат;

к) дербес деректер – дербес деректердің нақты субъектісіне қатысты немесе олардың негізінде айқындалған, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіштерде жазылған ақпарат.

2-бап

Келісімнің нысанасы

1. Осы Келісімге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өз құзыреті шеңберінде және ұлттық кеден заңнамасына сәйкес мыналарға:

а) Тараптар мемлекеттері арасында тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге қатысты кедендік рәсімдерді жетілдіруде ынтымақтасуға және бір-біріне көмек көрсетуге;

б) тауарлардың сыныптамасы, олардың кедендік құны және шығарылған жері туралы мәлімделген мәліметтердің анықтығын тексеруді, кедендік баждарды есептеудің дұрыстығын, сондай-ақ осы ақпараттың құпиялылығы сақталған кезде Тараптар мемлекеттері арасында өткізілетін тауарларға қатысты тыйым салудың, шектеулердің және бақылау шараларының сақталуын қоса алғанда, Тараптар мемлекеттерінің кеден заңнамасын тиісінше қолдануға ықпал ете алатын ақпаратпен алмасуға;

с) кеден заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін кедендік рәсімдерді жетілдіруде ынтымақтасуға;

д) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда, анықтауда, жолын кесуде және тергеп-тексеруде ынтымақтасуға;

е) кеден ісіне байланысты түрлі салаларда тәжірибе алмасуға міндеттенеді.

2. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің ережелері қандай да бір тұлғаларға жәрдемдесу туралы сұрау салудың орындалуына кедергі келтіру құқығын бермейді.

3. Осы Келісім екі Тарап мемлекетінің аумағында қолданылады.

3-бап

Өзара әкімшілік көмек саласы

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өз бастамасы бойынша немесе сұрау салу бойынша бір-біріне өз мемлекеттерінің кеден заңнамасын бұзатын немесе бұзуы мүмкін, қабылданған немесе дайындалып жатқан әрекеттер туралы, сондай-ақ бұл Тараптар мемлекеттерінің экономикасына, денсаулық сақтауына, қоғамдық және өзге де қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін жағдайлар туралы ақпарат береді.

2. Егер экспорттаушы Тарап мемлекетінің кеден органына импорттаушы Тарап мемлекетінің шекарасынан өткенге дейін тауарлардың кедендік құнын, сыныптамасын және шығарылған жерін айқындау қағидаларын қоса алғанда, кеден заңнамасын бұзушылықтар туралы белгілі болса, мұндай ақпарат импорттаушы Тарап мемлекетінің кеден органына алдын ала беріледі.

4-бап

Өзара әкімшілік көмектің ерекше жағдайлары

1. Сұрау салу бойынша Сұрау салынатын тарап Сұрау салушы тарапқа мыналар:

a) Сұрау салушы тарап мемлекетінің аумағына тауарларды әкелу алдында оларды Сұрау салынатын тарап мемлекетінің аумағынан әкетудің заңдылығы;

b) Сұрау салушы тарап мемлекетінің аумағынан тауарлар әкетілгеннен кейін оларды Сұрау салынатын тарап мемлекетінің аумағына әкелудің заңдылығы;

c) Сұрау салынатын тарап мемлекетінің аумағына заңды түрде әкелінген тауарларға қолданылатын кедендік рәсім туралы ақпаратты ұсынады.

2. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының ережелеріне сәйкес бір-біріне сұрау салу бойынша немесе өз бастамасы бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын бұзатын, қабылданған әрекеттер туралы ақпарат береді. Мұндай ақпарат мыналардың:

a) қарудың, оқ-дәрінің, жарылғыш және ядролық материалдардың;

b) Тараптар мемлекеттерінің бірі үшін елеулі тарихи, мәдени немесе археологиялық құндылығы бар өнер заттарының;

c) есірткінің, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының, сондай-ақ қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін заттардың;

d) зияткерлік меншік объектілерінің;

е) жануарлар түрлерінің, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктердің, олардың бөліктерінің және кез келген туынды өнімдердің заңсыз айналымы туралы мәліметтерді қамтиды.

5-бап

Өзара техникалық қолдау

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары бір-біріне кеден мәселелерінде, оның ішінде:

а) Тараптар мемлекеттері кеден органдарының қызметкерлерін және сарапшыларды Тараптар мемлекеттері кеден органдарының екеуі де қолданатын технологиялармен танысу үшін өзара тиімді негізде жіберу;

б) Тараптардың кеден органдарының лауазымды адамдарын оқыту және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

с) бұзушылықтарды бақылау мен анықтаудың техникалық құралдарын қолдану саласындағы деректер және практикалық тәжірибе алмасу;

д) кеден заңнамасына және оны қолдануға байланысты кәсіби және ғылыми ақпарат алмасу;

е) кедендік рәсімдерді автоматтандыру мәселелері бойынша тәжірибе және мәліметтер алмасу;

ф) деректер құрамы мен беру тетігі бойынша екі Тарап келіскен форматта кедендік транзит және екіжақты сауда операциялары шеңберіндегі сауда туралы ақпарат алмасу мәселелерінде өзара техникалық көмек көрсетеді.

2. Егер әрбір нақты жағдайда өзге рәсім келісілмесе, Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес осы баптың 1-тармағын жүзеге асыру барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

6-бап

Кедендік рәсімдерді оңайлату

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары:

а) өзара келісім бойынша кедендік операцияларды жеделдету (кедендік ресімдеу) және кедендік бақылаудың тиімділігін арттыру үшін, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану арқылы қажетті шараларды қабылдайды;

б) өзара келісім бойынша сәйкестендіру құралдарын (пломбалар, мөр бедерлері, мөртабандар) және бір-бірінің кедендік құжаттарын таниды, ал қажет болған кезде тасымалданатын тауарларға өзіндік сәйкестендіру құралдарын қолданады.

7-бап

Хабарлама

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары сұрау салу бойынша Сұрау салынатын тарап мемлекетінің аумағында тұратын жеке немесе құрылған заңды тұлғаларды сұрау салуда көрсетілген және оған қоса берілетін, сұрау салушы кеден органы қабылдаған барлық құжаттар мен шешімдер туралы хабардар етеді.

8-бап Құжаттар мен ақпаратты ұсыну

1. Сұрау салынатын тарап сұрау салу бойынша Сұрау салушы тарапқа кедендік мәселелерді реттейтін ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер туралы, сондай-ақ өз мемлекеттерінің кеден заңнамасына енгізілген түзетулер мен толықтырулар туралы ақпаратты ұсынады.

2. Тараптар Сұрау салушы тараптың сұрау салуы бойынша өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізілген кедендік тарифтік мөлшерлемелердің кез келген өзгерістері туралы бір-бірін хабардар етеді.

3. Тараптар мемлекеттерінің бірінің кеден органы өз құзыреті шегінде және ұлттық заңнамаға сәйкес екінші Тарап мемлекеті кеден органының сұрау салуы бойынша ұлттық заңнамада белгіленген шектеулерді сақтай отырып, кеден заңнамасының бұзылуына қатысты қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9-бап Бақыланатын берілімдер

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өзара келісім бойынша кедендік құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру және жолын кесу мақсатында заңсыз немесе күдікті тауарларды өз мемлекеттерінің аумағынан, олар арқылы немесе олардың аумағына өз бақылауымен өткізуге жол береді. Егер бақыланатын берілімді жүзеге асыру Тараптар мемлекеттерінің бірінің кеден органының құзыретінен тыс болса, ол тиісті сұрау салуды құзыретті мемлекеттік органдарға жібереді не істі олардың қарауына береді.

10-бап Лауазымды адамдардың болу тәртібі

1. Тараптардың бірінің лауазымды адамдары осы келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған жағдайда, өзінің кеден органының немесе басқа мемлекеттік мекеменің өкілі ретінде өзінің жеке басын растауға олардың мүмкіндігі болуға тиіс.

2. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Тарап мемлекетінің аумағында болатын лауазымды адамдар өздері жасаған кез келген қылмыстар үшін жауапты болады және осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген шекте өзінің кеден органының қызметкерлері сияқты қорғануды пайдаланады.

11-бап Сарапшылар мен куәлар

1. Егер Сұрау салушы тарап қаралып отырған кедендік құқық бұзушылыққа байланысты Сұрау салынатын тарапқа тиісті сұрау салуды жіберсе, соңғысы Сұрау салушы тараптың лауазымды адамдарына Сұрау салынатын тарап мемлекетінің аумағында сот немесе әкімшілік талқылауларда сарапшылар немесе куәлар ретінде әрекет етуге рұқсат беруге құқылы.

2. Келу туралы сұрау салуда Сұрау салынатын тараптың лауазымды адамы қандай іс бойынша және қандай мәртебеде әрекет етуге тиіс екені көрсетілуге тиіс.

12-бап Экспорттық/транзиттік декларациялар туралы ақпарат алмасу

1. Сұрау салу бойынша Тараптардың кеден әкімшіліктері бір-біріне кедендік сәйкестендіру құралдарының (пломбалардың) анық еместігіне күдік туындаған жағдайда олар туралы деректерді қоса алғанда, Тараптар мемлекеттерінің аумағында ресімделген экспортқа немесе транзитке арналған декларациялар туралы қолда бар ақпаратты барынша қысқа мерзімде жібереді.

2. Келісім Тараптарының кеден әкімшіліктері осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратпен немесе осыған қатысты өзара келісілген кез келген басқа да тиісті ақпаратпен электрондық өзара іс-қимыл арқылы алмасуды қамтамасыз етеді, бұл ретте мұндай деректермен алмасудың тәртібі мен тетігін келіседі.

13-бап Сұрау салу нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісім шеңберінде берілетін сұрау салулар Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары арасында жазбаша нысанда тікелей жіберіледі және олардың орындалуы үшін жеткілікті, нақты және пайдалы ақпаратты қамтуға тиіс. Сұрау салуды ресімдеу және ақпарат беру жазбаша расталуға жатады.

2. Сұрау салу ағылшын тілінде жасалуға тиіс.

3. Осы Келісімге сәйкес сұрау салуда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

а) Сұрау салушы тараптың кеден органының атауы;

б) қарастырылып отырған мәселе, сұратылатын көмектің түрі және сұрау салудың себептері;

с) іс мәнінің қысқаша мазмұны;

д) қажет болған кезде қосымшалар (сұрау салу мәтінінде сілтемелері бар құжаттардың көшірмелері), сондай-ақ шарттардың, шоттардың (инвойстардың), кедендік декларациялардың және ілеспе құжаттардың көшірмелері;

е) нақты сұратылатын іс-қимылдар тізбесі;

ф) егер жеке басы белгілі болса, сұрау салуға қатысы бар адамдардың аты-жөні мен мекенжайлары;

г) осы Келісімнің тиісті бабына сілтеме.

4. Егер Сұрау салушы тарап нақты рәсімнің немесе әдіснаманың сақталуын сұратса, Сұрау салынатын тарап осындай сұрау салуды өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындауға тиіс.

5. Егер сұрау салу осы баптың 3-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, түсініктемелер сұратылуы мүмкін.

14-бап Сұрау салуды орындау

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес және өз құзыреті шегінде сұрау салуды орындауда бір-біріне жәрдем көрсетеді.

2. Егер Сұрау салынатын тарапта Сұрау салынатын ақпарат болмаса, оның ішінде басқа мемлекеттік органдардан ақпарат алу қажет болса, ол өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз атынан әрекет ете отырып, осы ақпаратты алу үшін шаралар қабылдайды.

3. Сұрау салынатын тарап сұрау салуды орындау үшін қажет болған жағдайда қосымша ақпарат беру туралы өтініш білдіре отырып, Сұрау салушы тарапқа жүгіне алады. Мұндай өтініш пошта арқылы немесе кейіннен пошта арқылы қайталап жіберіле отырып, факс арқылы жіберілуі мүмкін.

4. Сұрау салуға жауап ретінде Сұрау салынатын тарап сұрау салынатын ақпаратты, сұрау салудың мәніне қатысы бар кедендік, коммерциялық, көліктік және басқа да құжаттардың тиісті түрде расталған көшірмелерін, Сұрау салынатын тараптың пікірі бойынша Сұрау салушы тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген шешім мен шараларды Сұрау салушы тараптың қабылдауын жеңілдетуі мүмкін басқа да құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

15-бап Ақпаратты пайдалану

1. Ақпаратты немесе құжаттарды ұсынған Тарап оларды басқа мемлекеттік органдардың немесе өзге де мақсаттарда пайдалану мүмкіндігін растайтын жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің негізінде алынған кез келген ақпаратты немесе құжаттарды Тараптар тек оны іске асыру мақсатында қана пайдалана алады.

2. Сұрау салу бойынша ақпарат беретін Тарап осы баптың 1-тармағына қарамастан, оны басқа органдардың немесе өзі айқындайтын шарттарда өзге де мақсаттар үшін пайдалануына рұқсат бере алады. Мұндай пайдалану ақпаратты пайдалануға ниеттенген Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты басқа мақсаттарда пайдалану оны қылмыстық тергеп-тексеруде, сотпен қудалауда немесе процестік әрекеттерде пайдалануды білдіреді. Егер Тараптардың бірі бұл ақпаратты өзге мақсаттар үшін пайдалануға ниеттенсе, екінші Тарап мемлекетінің кеден органының жазбаша келісімін алу қажет.

16-бап Күпиялылық және ақпараттық қауіпсіздік

1. Осы Келісімге сәйкес алынған кез келген ақпарат құпия болып саналады және оның сақталуы мен құпиялылығы ақпаратты алатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қорғау ақпараттың осы типі үшін көзделгендей дәрежеде қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Осы Келісімге сәйкес алынған ешқандай ақпаратты осы Келісімнің 18-бабына сәйкес Сұрау салынатын тараптың алдын ала рұқсатынсыз үшінші тараптарға беруге болмайды.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген өзара келісім болмаған кезде дербес деректер, егер ақпарат беретін Тарап мұндай дербес деректердің Сұрау салушы тарап мемлекетінің аумағында қорғалатынына сенімді болса ғана берілуі мүмкін. Сұрау салу бойынша дербес деректерді алатын Тарап осы деректерді беретін Тарапқа олардың пайдаланылуы және алынған нәтижелер туралы хабарлайды.

4. Осы Келісімге сәйкес берілген дербес деректер олар берілген мақсатқа жету үшін қажетті уақыт ішінде ғана сақталады.

5. Дербес деректерді беретін Тарап олар берілетін мақсаттарға сәйкес олардың қорғалуын мүмкіндігінше қамтамасыз етуге тиіс.

6. Егер берілген дербес деректердің дұрыс емес екені немесе оларды беруге тыйым салынғаны анықталса, мұндай деректерді алған Тарап мемлекетінің кеден органы дереу хабардар етілуге тиіс және оларды өзгертуге немесе жоюға міндетті.

7. Тараптар алмасу осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын дербес деректерді беру және алу есебін жүргізеді.

8. Осы Келісімге сәйкес Тараптар берілетін дербес деректерге санкцияланбаған қол жеткізуден, өзгертуден немесе таратудан қорғауға қажетті барлық қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндетті.

9. Әрбір Тарап осы Келісімге сәйкес алмасатын дербес деректерді пайдалану салдарынан адамға келтірілген залал үшін өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес, оның ішінде нақты емес деректерді берген немесе осы Келісімге қайшы келетін деректерді берген Тарап залал келтірген жағдайларда да жауапты болады.

17-бап Сұрау салуды орындаудан бас тарту үшін негіздер

1. Сұрау салынатын тарап, егер сұрау салуды орындау оның егемендігін, қауіпсіздігін, қоғамдық тәртібін немесе өзге де елеулі ұлттық мүдделерін қозғауы мүмкін болса, сондай-ақ бұл заңды коммерциялық немесе кәсіптік мүдделерге нұқсан келтіруі мүмкін болса, көмек көрсетуден бас тартуға құқылы.

2. Егер Сұрау салушы тарап осындай сұрау салуға жауап ретінде ұқсас көмек көрсете алмаса, ол өз өтінішінде осы фактіні көрсетуге тиіс. Мұндай жағдайда Сұрау салынатын тарап сұрау салуды орындауды не орындамауды өз қалауы бойынша шешеді.

3. Егер көмек көрсету ағымдағы тергеп-тексеруге, сотпен қудалауға немесе талқылауға кедергі келтіруі мүмкін болса, көмек тоқтатыла тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда Сұрау салынатын тарап көмек көрсету шарттарын ықтимал түрде айқындау үшін Сұрау салушы тараппен консультациялар жүргізеді.

4. Егер сұрау салуды орындау болжамды пайдаға мөлшерлес болмайтын шамадан тыс шығындарды талап етсе, Сұрау салынатын тарап оны орындаудан бас тартуға құқылы.

5. Көмек көрсетуден бас тартылған немесе кідірілген жағдайда Сұрау салынатын тарап мұндай шешімнің себептері туралы хабарлауға міндетті.

18-бап

Шығыстар

1. Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын куәларға, сарапшылар мен аудармашыларға ақы төлеуге арналған шығыстарды қоспағанда, осы Келісім шеңберінде сұрау салуды орындауға байланысты шығыстарды Сұрау салынатын тарап көтереді. Бұл шығыстар Сұрау салушы тарапқа жүктеледі, ол сұратылып отырған көмек шеңберіндегі болжамды шығындар туралы алдын ала хабардар етілуге тиіс.

2. Егер сұрау салуды орындау айтарлықтай шығындарды талап етсе, Тараптар сұрау салу орындалатын мерзімдер мен шарттарды, сондай-ақ шығыстарды төлеу тәртібін келісуге тиіс.

19-бап

Осы Келісімді қолдану және орындау

1. Осы Келісімге сәйкес ынтымақтастық пен өзара көмек Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары арасында тікелей жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығара алады, сондай-ақ нақты кеден мәселелері бойынша жекелеген халықаралық келісімдер жасай алады.

3. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары бірлескен шешімдер қабылдай отырып, осы Келісімнің ережелерін іске асыруға бағытталған іс-қимылдар тәртібін айқындай алады.

20-бап

Дауларды реттеу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе іске асыруға байланысты барлық дау Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілуге тиіс.

21-бап

Келісім мен басқа да халықаралық шарттар арасындағы өзара байланыс

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың өздері және олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

22-бап

Келісімге түзетулер

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 23-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

23-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдерді аяқтағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа өзінің ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісім осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

2026 жылғы _____ қаласында екі түпнұсқа данада, қазақ және ағылшын тілдерінде бір-бір данадан жасалды, әрі екі мәтіннің заңдық күші бірдей.

Мәтіндер арасында қандай да бір алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Пәкістан Ислам Республикасының
Үкіметі атынан